Балабақшадағы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырыстарының хаттамалары

ХАТТАМА №1

Өткізілген күні: 15 қыркүйек 2025 ж.
Қатысқандар: 7

Күн тәртібі

1. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Педагогикалық әдеп қағидаларын» түсіндіру.
2. Кеңес құрамын, төрағасы мен хатшысын сайлау және бекіту.
3. Кеңестің жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.
4. Тәрбиешілер мен көмекшілердің жұмыс орнындағы сыртқы келбет мәдениеті.

Тыңдалды

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша меңгеруші мен әдіскер ақпарат берді.

1. Меңгеруші Усманова Б.Ш. педагогикалық әдеп қағидалары бойынша түсіндерме жұмыстарын атап өтті. Педагог мәртебесін асқақтату, мектепте салауатты моральдық-психологиялық климат қалыптастыру және білім беру процесіне қатысушылардың құқықтарын қорғау сонымен қатар бірнеше бағыттағы әдеп негіздері:

1. Кәсіби міндет және адалдық
   - Жоғары жауапкершілік: Әрбір педагог өзіне жүктелген міндеттерді сапалы әрі адал орындауға, оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беруге міндетті.
   - Адамгершілік пен әділдік: Оқушылардың үлгерімін, мінез-құлқын бағалауда ешқандай субъективтілікке (бүйрек бұрушылыққа) жол бермей, тек әділдік ұстанымын басшылыққа алу қажет.
   - Саяси және діни бейтараптық: Мұғалім білім беру процесін саяси үгіт-насихат немесе діни көзқарастарды тану үшін пайдаланбайды.
2. Оқушылармен қарым-қатынас әдебі
   - Құқық пен қадір-қасиетті құрметтеу: Баланың жеке тұлғасына, оның ар-намысына құрметпен қарау. Оқушыларды кемсітуге, балағаттауға, психологиялық немесе физикалық қысым көрсетуге қатаң тыйым салынады.
   - Құпиялылықты сақтау: Кәсіби қызмет барысында белгілі болған баланың жеке өмірі, отбасылық жағдайы немесе денсаулығы туралы мәліметтерді үшінші тұлғаларға (тіпті әріптестерге) жария етпеу.
3. Әріптестермен және басшылықпен қарым-қатынас
   - Ұжымдық мәдениет: Әріптестердің кәсіби біліктілігіне күмән келтіретін пікірлерді оқушылардың немесе ата-аналардың көзінше айтпау. Сыпайылық, өзара қолдау және корпоративтік мәдениетті сақтау.
   - Субординация: Басшылықтың заңды бұйрықтары мен өкімдерін уақытылы орындау. Туындаған келіспеушіліктерді тек ашық, конструктивті диалог арқылы шешу.
4. Ата-аналармен жұмыс мәдениеті
   - Серіктестік қатынас: Бала тәрбиесінде ата-анамен тығыз, сыпайы және ашық байланыс орнату. Қандай да бір мәселе туындаса, айыптау емес, бірлесіп шешім іздеу форматында сөйлесу.
5. Сырт келбет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстаным
   - Іскерлік стиль: Педагогтың киім үлгісі ресми, жинақы және классикалық стильде болуы шарт. Сырт келбетімен өскелең ұрпаққа үлгі болуы тиіс.

- Сыйлықтардан бас тарту: Өз қызметі үшін оқушылардан немесе олардың ата-аналарынан ешқандай материалдық игіліктер, сыйлықтар немесе ақшалай қаражат талап етпеу және алмау.

Маңызды: Педагогикалық әдеп қағидаларын бұзу — заңнама аясында тәртіптік жауапкершілікке (сөгіс беруден бастап, жұмыстан шығаруға дейін) әкеп соғады. Мұғалімнің мінез-құлқы — оның кәсібилігінің айнасы.

2. **Кеңес мүшелері төмендегідей құрамда бекітілсін:**

№14 «Қоңжық» бөбекжай- балабақшасы МКҚК меңгерушісі – Омарова Ш.Ш.
№47 «Зере» бөбекжай-балабақшасының әдіскері – Тайпетова А.Ж.
№47 «Нұр-ай» балабақшасының тәрбиешісі педагог-сарапшы Абиева Г. А.
№4 Көктем мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешісі- педагог-зерттеуші Салимова Г.А.

3. Кеңестің жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспары бойынша кеңес төрағасы өткізілетін іс-шаралар мен қаралатын мәселелер мазмұнымен таныстырып, жауапты тұлғаларға өз міндеттерін атап өтті.

Шешім

1. Педагогикалық әдеп қағидалары басшылыққа алынсын.
2. Кеңес құрамы жылдық жұмыс жоспарға сәйкес өз жұмысын атқарсын.
3. Қызметкерлердің сыртқы келбет мәдениетін сақтау тұрақты бақылауда болсын.

Төраға: Усманова Б.Ш.

Хатшы: Тайжанова Б.Ж.

Педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы: Усманова Б.Ш.